С дәруменін жеткіземін!



Цитрустарға арналған шырынсыққыш КТ-1108

Егер техникамызды пайдалануға байланысты қиындықтар туындаса, дүкенге жүгінер алдында Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуыңызды сұраймыз:

8-800-775-56-87
(дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығы)
info@kitfort.ru

Біз құрылғы жұмысының ерекшеліктері туралы айтып, кез келген басқа сұрақтар бойынша кеңес береміз

Мазмұны

Жалпы мәліметтер 4
Жиынтықтамасы 4
Шырынсыққыштың құрылысы 5
Жұмысқа дайындау және пайдалану 5
Тазалау, қызмет көрсету және сақтау 6
Техникалық сипаттамалары 6
Сақтық шаралары 7
«Китфорт» басқа тауарлары 9

Жалпы мәліметтер

Қысқыш механизмі бар КТ-1108 шырынсыққышы шағын және орта мөлшердегі цитрустық жемістерден шырын сығуға арналған.

Құрылғының корпусы, сүзгісі және шүмегі тот баспайтын болаттан, қалған бөліктері жоғары сапалы тағамдық пластиктен жасалған.

Шырынсыққышты іске қосу үшін тұтқаны басу керек. Тұтқасы ұстағанда жұмсақ арнайы пластикпен жабылған. Шырын бірден сіздің бокалыңызға құйылады.

Шырынсыққыш одан тамшы тамбауы үшін қолмен жоғары көтерілетін құю шүмегімен жабдықталған. Сырғуға қарсы аяқтары құрылғының шырын сығып жатқанда үстелдің үстімен сырғып кетуіне жол бермейді.

Шырынсыққышты жуу ыңғайлы, барлық алынбалы бөлшектерді оңай алынады.

Жиынтықтамасы

1. Шырынсыққыш — 1 дана.
2. Конус — 1 дана.
3. Сүзгі — 1 дана.
4. Шырынға арналған астау— 1 дана.
5. Пайдалану нұсқаулығы — 1 дана.
6. Кепілдік талоны – 1 дана.
7. Коллекциялық магнит — 1 дана. *

*Опция түрінде.

Шырынсыққыштың құрылысы



Жұмысқа дайындау және пайдалану

Құрастыру

1. Шүмегі бар шырын астауын шырынсыққыштың корпусына орнатыңыз.
2. Астауға сүзгі орнатыңыз.
3. Конусты қозғалтқыш білігіне қою арқылы сүзгінің үстіне орнатыңыз.
4. Конустың қақпағын шырынсыққыштың сабындағы тесікке қойыңыз.

Жұмысқа дайындау

Шырынсыққышты қабырғадан және басқа заттардан кемінде 10 см, ал үстелдің жиегінен кемінде 10 см қашықтықта тегіс әрі көлденең бетке орнатыңыз.

Алғашқы қолданар алдында барлық алынбалы бөлшектерді жуыңыз, құрғатыңыз және қайта орнатыңыз. Шырынсыққыштың корпусы мен қақпағын дымқыл жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Қолданылуы

1. Шырынсыққышты желіге қосыңыз.
2. Ағызу шүмегін басу арқылы ашыңыз.
3. Шырын құюға арналған сыйымдылықты шүмектің астына орнатыңыз.

4. Цитрустық жемісті көлденеңінен екіге бөліңіз. Жемістердің жартылай кесілген жағымен конусқа салыңыз.

Қақпақты жауып, тұтқаны аздап басыңыз. Конус айналып, жемістерден шырынды біркелкі шығара бастайды. Сүзгіде үлдір мен дәнектер қалады, ал шырын астауға келіп, шүмек арқылы ыдысқа құйылады. Шырын сығу уақыты шамамен 15 секунд. Бір орташа апельсиннен шамамен 100 г шырын алынады. Қажетті шырын мөлшерін алғанға дейін операцияны қайталаңыз.

Ескертпе. Шырын астауға еркін ағуы үшін мәйекті дүркін-дүркін сүзгіден алып тастаңыз. Сүзгіні тазалар алдында шырынсыққышты желіден ажыратыңыз.

5. 10 жемістен шырын сыққаннан кейін, жұмыстан 10 минутқа үзіліс жасаңыз.
6. Шүмекті жабу үшін оны жоғары қарай басыңыз.
7. Жұмысты аяқтағаннан кейін құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.

Ескертпе. Сіз сондай-ақ қақпақты жаппай-ақ және конусқа салынған жемістерді қолмен біркелкі басу арқылы жемісті сыға аласыз. Жеміс әркелкі пішінде болса да, пайдаға асады.

Назар аударыңыз! Жемістің жартысымен конусқа көп күш салып баспаңыз — мотор шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп, зақымдалуы мүмкін. Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде саусақтарыңыздың, шашыңыздың немесе киіміңіздің конус пен сүзгіге жанасуына жол бермеңіз.

Тазалау, қызмет көрсету және сақтау

Шырынсыққышты әр қолданғаннан кейін тазалаңыз.

Корпус пен тұтқаны құрғақ немесе дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Конусты, қақпақты, сүзгі мен шырын астауын аздаған жуғыш құрал қосылған сумен жуыңыз. Бөлшектерді кептіріңіз де, құрылғыны «Құрастыру» тарауында сипатталғандай жинаңыз.

Жуу үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз. Астауды, конусты, қақпақты және сүзгіні зарарсыздандырмаңыз. Шырынсыққыш пен оның бөліктерін тазарту үшін түрпілі материалдарды немесе металл щеткаларды пайдаланбаңыз.

Шырынсыққышты балалардың қолы жетпейтін салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: 220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 160 Вт
3. Сыйымдылығы: 0,75 л
4. Электр тогынан зақымданудан қорғау класы: II

5. Желілік баусымның ұзындығы: 1,1м
6. Құрылғының өлшемі: 182 * 255 х 271 мм
7. Орамның өлшемі: 242 х 205 х 305 мм
8. Таза салмағы: 2,3 кг
9. Жалпы салмағы: 2,6 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл
Кепілдік мерзімі: 1 жыл
Тауар сертификатталған

Өндіруші: Фошань Сити Наньхай Фулибао Илектрик Эплаенс Ко., Лтд. 5 Синъе Роуд, С Дистрикт, Шишань Саентифик, Текнолоджикэл Энд Индастриал Гар- дэн, Наньхай Эриа, Фошань, Гуандун, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, Х лит., 1-кеңсе.

Шығарылған ел: Қытай.

РФ аумағында наразылықтарды қабылдайтын уәкілетті ұйым: «Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная көш., 3-үй, Х лит. 1-кеңсе.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығында), info@kitfort.ru.

Сервис орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort. ru сайтынан білуге болады

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін осы объектіні кәдімгі қалдықтардан бөлу және оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыру қажет.

Жасалған айы мен жылы қаптама қорабының төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында, қосымша түрде мәлімдеусіз, бұйымның дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы.

Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрдайым қолжетімді жерде ұстаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық жағдайларда пайдалануға арналған және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін басқа осындай орындарда қолданылуы мүмкін.
2. Шырынсыққышты тек мақсатына қарай және осы нұсқаулықта берілген нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатсыз пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып есептеледі.

3. Құрылғыны электр розеткасына қосар алдында, онда көрсетілген электр қуаты параметрлерінің пайдаланылатын қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тогынан зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Құрылғыны қуат баусымынан ұстап тасымаңыз. Ашаны розеткадан ажыратқан кезде қуат баусымынан тартпаңыз.
6. Егер құрылғының қуат баусымы, ашасы немесе басқа бөлшектері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогынан зақымданбау үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғыны дұрыс құрастырмаудың пайдалану кезінде электр тогынан зақымдану қаупін арттыратынын есіңізде ұстаңыз.
7. Балаларға, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға құрылғыны пайдалануға тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаудан өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Балалардың құрылғымен ойнауына рұқсат бермеңіз.
8. Жанында балалар немесе үй жануарлары болғанда, аспаптың жұмысын бақылаңыз.
9. Шырынсыққышты ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде немесе қызмет көрсетуден бұрын оны желіден ажыратыңыз.
10. Құрылғыны тек тұрақты көлденең бетке, қабырғадан және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта орнатыңыз.
11. Құрылғыны қосу бұғаттамасын айналып өтуге тырыспаңыз.
12. Құрылғының құлауына жол бермеңіз және оны соғылуға ұшыратпаңыз.
13. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
14. Тек өндіруші ұсынатын керек-жарақтар мен толымдаушыларды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.

ІМ-3